

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Бас сүйегі мен Ми жарақаттары



Орындағандар: Кутибаева Насиба, Рысқали
Құралай, Құлтай Жанболат
Факультет: ЖМ
Курс: 3
Тобы: 022-02

БАССҮЙЕК-МИ ЖАРАҚАТЫ

Бассүйек-ми жарақаты (БМЖ)- бұл құрамына бассүйек терісінің,бұлшық еттің,сүйектің,мидың,қантамырларының,ми қарыншақтары мен бассүйек – ми нервтерінің механикалық зақымданулары және сіңір тартылуы кіретін ұғым.

Бассүйек-ми жарақатының жабық және ашық түрлері болады.*Жабық* түріне бастың тері қабатының бұзылмаған зақымдануы жатады.*Ашық түріне* бассүйектің,оның негізінің зақымданып сынуы,қан және ми сұйықтығының ағуымен жүретін зақымданулар тән.

ЖАЛПЫ МИЛЫҚ СИМПТОМДАР

БМЖ кезінде мидың органикалық зақымдалуының клиникалық белгілері болып саналады. Оларға естің сандық және сапалық өзгерістерін, бас ішілік гипертензия симптомдарын, бас ауыруын, жүрек айнуын, бас айналуын, церебральдық астения мен көз түбіндегі өзгерістерді жатқызады. Бас ауыруы көпшілігінде байқалады.




БМЖ КЕЗІНДЕ ОШАҚТЫҚ СИМПТОМДАР МИ ЗАҚЫМДАЛУЫНЫҢ ОШАҚТЫҚ КЛИНИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Олардың пайда болуы мен құрылысы ми түзілістерінің зақымдалуына байланысты болып келеді (маңдай,самай,төбе,шүйде бөліктері,қыртыс асты түйіндер,мишық,баған және т.б.). БМЖ- ның жедел кезеңінде ошақтық симптомдар (қимылдық,сезімталдық,сөйлеу,көру,статокоординаторлық және т.б.), әдетте,оларды басып тастайтын жалпы милық симптомдармен үйлесіп келеді.


Ошақтық симптомдарға парездер мен салдануларды,сөйлеу,сезу,көру,есту бұзылыстары,эпилепсиялық ұстамалар (басішілік қысым жоғарылауы,ми гипоксиясы және басқалардың салдары ретінде кездесуі мүмкін), сондай-ақ, психопатиялық бұзылыстар жатады. Апатико-абулиялық синдром жиі маңдай бөліктерінің зақымдануында байқалады; құлақ қабылдауымен байланысты зақымданулар-самай бөлігі зақымдалғанда байқалады. Ошақтық неврологиялық бұзылыстар-моторлы н/е сенсорлы афазия,гемипарез,гемиплегия ,апраксия зақымдалу аймағын көрсетеді.

Мидағы соққы (мидың шайқалуы деп те аталады) -
бас соққыға ұшырап жараланғаннан кейін, ми қызметінің уақыттық әлсіреуі. Бұл сырқат өз алдына дербес, я болмаса бастың басқалай жарақаттануы, сондай ақ мидың қанды ісігімен қосарланып пайда болады.





Ми шайқалуы (commotio cerebri) – әр түрлі механикалық әсерден ми және ми қабығының жарақаттануы. Ми шайқалуында ми құрылысында көзге көрінетіндей немесе бүтіндігі бұзылған өзгерістер байқалмағанымен, ми шайқалуы сатысына қарай әр түрлі дәрежеде ми қызметінің бұзылуы анықталады. Ми шайқалуы әр түрлі апаттардан (автомобиль, темір жол, т.б.), жоғарыдан төмен құлағаннан, қатты соққы тиюден, тағы басқа жарақаттардан болады



Ми шайқалуы кезінде алған жарақат мидың қан тамырларын зақымдап, соның салдарынан ми қан тамырлары кеңейіп, мида сулы ісіктер және ұсақ қан құйылу ошақтары пайда болады. Сонымен қатар жұлын сұйықтығы көбейіп, бас сүйегінің ішкі қысымы жоғарылайды.. Ми шайқалуының емдеу шаралары: міндетті түрде төсекте жатып емделу тәртібін, сондай-ақ толық тыныштықты сақтау қажет. Дәрі-дәрмекпен емдеу негізінде, мидың сулы ісінуіне және бас сүйегінің қуысындағы қысым деңгейінің жоғарылауына қарсы жүргізіледі. Сонымен қатар бас ауруын басатын және ауру адамға тыныштық туғызатын, ұйқысын реттейтін дәрілер қолданылады. Науқас ауруынан жазылғасын, өмірдің қалыпты жағдайына, ауыр немесе терең оймен байланысты жұмыстарға біртіндеп кірісуі керек.

Ми шайқалудың негізгі белгілері: жарақат алған бетте естен тану. Бұл құбылыс Ми шайқалуы сатысына байланысты, бірнеше минуттан бірнеше сағатқа созылуы ықтимал. Одан соң жүрек айну, құсу құбылыстары байқалады, бас ауруы, бастың айналуы, жүрек соғуының ырғағы сирейді. Аталған белгілердің жиілігіне қарай ми шайқалуы жеңіл, орташа және ауыр сатыларға ажыратылады





Ми шайқалуының емдеу шаралары: міндетті түрде төсекте жатып емделу тәртібін, сондай-ақ толық тыныштықты сақтау қажет. Дәрі-дәрмекпен емдеу негізінде, мидың сулы ісінуіне және бас сүйегінің қуысындағы қысым деңгейінің жоғарылауына қарсы жүргізіледі. Сонымен қатар бас ауруын басатын және ауру адамға тыныштық туғызатын, ұйқысын реттейтін дәрілер қолданылады. Науқас ауруынан жазылғасын, өмірдің қалыпты жағдайына, ауыр немесе терең оймен байланысты жұмыстарға біртіндеп кірісуі керек.



БСМЖ –ның қалыптасып дамуы жарақат алғаннан кейін тез арада басталады, өйткені ми мен ағзада жарақаттан кейін бірден өзгерістер басталады. Бұл алғашқы өзгерістер мен бастың жұмсақ ұлпаларының, сүйегінің, мидың қатты қабығының жарақаттарының арасында ешқандай байланыс жоқ. Бұл алғашқы өзгерістер тамырдағы қимыл - қозғалыстарға (вазомоторные) байланысты қалыптасады. Бұл кезде жүйке торшалары шайқалып, қан айналысын басқаратын орталықтың қызметі бұзылады. Жүйке жүйесінің үлкен бөлігінің қан тамырлары қысылып, мидың қан айналымы мен қызметі бұзылады да, оттегіне тапшылық артады.

Мидың шайқалуынан адам есінен айрылады.

Соққы қатты болса, бұл белгілер анық білінеді.

1-2 ден 20-30-ға дейінгі минутта естен айрылу

байқалып, артынша есі кіріп жарақатқа

ұшыратқан оқиға мен жағдайды жадына тез түсіре

алмайды. Сырқаттар бастарының ауырғандығына,

айналғандығына шағымданады, құсқылары

келеді, әлсірейді. Мидың клиникалық шайқалуы

тері жамылғылардың бозаруынан, болмашы

ентікпеден, құсуға әрекеттенуден, жүректің

лүпілдеуінен білінеді. Зақымданушыны

әдеттегідей сүлейсок, ал кейде керісінше

қозушылық байқалады.



❖ Мидың қысылуы көбінесе ішкі бас сүйегіндегі гематомадан (қа жиналған тер астында домбығу) немесе сынған бас сүйегінің сынығынан туындайды. Әдетте жарақаттанғаннан кейін ес жоғалады, ол біраз уақыттан кейін қалпына келеді, содан соң сананың бұзылуы басталады.



✓ Ең алдымен бас сүйегі мен ми жарақатының сипатын (ашық немесе жабық) және зардап шегушінің жәй-күйін анықтау қажет. Бұдан кейін сананың бұзылу, қан ағу және сыртқы тыныс алудың дәрежесін анықтаған жөн.

✓ Қан аққан кезде жараға таза қатты таңғыш байлайды. Тыныс алу бұзылған кезде ауыз қуысы мен жоғары тыныс жолдары босаған соң жасанды тыныс алу шарасын жасайды. Ессіз күйдегі адамдардың тілін байқаған жөн, өйткені ол қозғалыс кезінде тыныс жолдарын жауып тастау мүмкін.

✓ Тыныс жолдарына қанның, құсықтың түсуін ескерту мақсатында жаралыны бүйірлеп жатқызып тыныштықта қалдырады.

❖ Мидың шайқалуы: жалпы
милық, функционалды, толық
қайтымды зақымданулар.



❖ Белгілері: бірнеше секундтан
бірнеше минутқа дейін есін
жоғалту; бастың ауруы, бас
айналуы, кейде құсу, әлсіздік,
құлақта шу пайда болады.

Бас сүйек ми жарақатында жедел жәрдемді оқиға болған жерден бастап көрсетеді.

Ашық және енген жарақат болса губкамен жауып, асептикалық таңғыш саламыз. Егер науқастың есі анық болса зембілмен жастықсыз арқасынан жатқызып тасымалдау керек, егер есі болмаса құсыкпен аспирация болмас үшін науқастың басын бір бүйіріне қаратып тасымалдау қажет.

БМЖ кезіндегі реанимациялық шараларды ауруханаға дейін бастау керек. Ол жарақат әсерінен болған өмірге қажетті мүшелердің қызметінің бұзылыстарын қалпына келтіруге бағытталады. Онда тыныс жолдарының бітелуі, қан жоғалту және гемодинамикалық ауыр бұзылыстардың әсерінен болған ми ишемиясы мен гипоксиясының алдын алу қажет.



Назарларыңызға рахмет!

